

## Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1423 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Майкл Уилсон және Әріптестер Лтд." компаниясы Қазақстан Республикасы мен "Шеврон Оверсиз Компани", "ШевронТексако Оверсиз Петролеум Инк.", "ЭксонМобил Қазақстан Венчурс Инк.", "ЛУКАРКО Би- Ви", "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы және "Теңізшевройл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасындағы Сату туралы келісімге және Қазақстан Республикасы мен "ШевронТексако Оверсиз Петролеум Инк." компаниясы арасындағы Төлем туралы келісімге қол қоюға байланысты мәселелер бойынша сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар заң қызметтерін көрсетуші болып белгіленсін.

2. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген компаниямен "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы қаражатының есебінен 45000000 (қырық бес миллион) теңге сомасына заң қызметтерін көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы ш а р т ж а с а с у д ы ;

осы қаулыға сәйкес сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатының сақталуын;

осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С.Школьникке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
Премьер - Министрінің*

*міндетін атқарушы*